**GSM және CDMA стандартты ұялық байланыстардың желісін құру және пайдалану туралы<*> ЕСКЕРТУ. Атауы жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1998.05.27. N 488 қаулысымен. ~P980488**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 ақпандағы N 134

Қазақстан Республикасының дүниежүзілік телекоммуникациялар қауымдастығына енуіне, жалпы пайдаланымдағы жылжымалы радиобайланыс қызметіне сұраныстың артуына және елдердің арасында пайдаланушылар үшін роумингті ұйымдастырудың қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында GSM стандартының ұялық байлансын (кең ауқымды жылжымалы байланыс жүйесі) енгізу туралы ұсынысқа келісім берілсін, сондай-ақ CDMA стандарты.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚРҮ-нің 1998.05.27. N 488 қаулысымен. P980488_

2. GSM және CDMA стандартты ұялық байланыстардың желісін құру және пайдалану үшін радиожиіліктерді беру тек конкурстық негізде, заңдарға сәйкес жүзеге асырылсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1998.05.27. N 488 қаулысымен. P980488_

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесіп бір айлық мерзім ішінде GSM стандартының ұялық байланысы операторларының қызметін қамтамасыз ету үшін 890-915 МГц, 935-960 МГц диапазондарында радиожиіліктер белдеуін босату мәселелерін пысықтасын.

3-1. Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы конкурс 1999 жылдың II жартыжылдығында тоқсанында жарияланатындығын ескере отырып, CDMA стандартты ұялық байланысының желісін ұйымдастыру және пайдалану үшін қажетті радиожиіліктер белдеулерін, екі оператор бөлуді қамтамасыз

етсін.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1998.05.27.

N 488 қаулысымен.

P980488_

ЕСКЕРТУ. 3-1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.02.15. N 121 қаулысымен.

P990121_

4. Мына құрамда Қазақстан Республикасында GSM стандартының ұялық байланыс желілерін ұйымдастыру құқығына арналған конкурс өткізу жөніндегі комиссия құралсын.

Кәрібжанов Қайрат Сәлімұлы - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм вице-министрі, комиссияның төрағасы

Нәсиев Асқар Қайратұлы - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Ақпараттық жүйелер департаментінің директоры

Д.С.Оразалинов - Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссия төрағасының орынбасары - "Радиожиілік спектрін бөлу және пайдалану жөніндегі бюро" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры

Б.Б.Қанешев - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі агенттігі инфрақұрылымдарды дамыту стратегиясы басқармасының бастығы

О.С.Ержанов - Қазақстан Республикасының Қаржы-вице министрі

С.П.Солодилов - Байланыс және радиотехникалық
қамтамасыз ету әскерлерінің бастығы,
Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің Әскери-әуе күштері штабы
бастығының орынбасары

М.Г.Мартиросов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
министрлігі байланыс басқармасының
бастығы

Ю.М.Арыстанбеков - Қазақстан Республикасының Ұлттық
қауіпсіздік комитеті жанындағы
Үкіметтік байланыс агенттігінің
басқармасы бастығының орынбасары
(келісім бойынша)

Шаншарбаева Мәдина - Қазақстан Республикасы Әділет
Жанаталқызы министрлігінің Заңдар және
халықаралық құқық департаменті директорының
орынбасары

Б.Ж.Аймақов - Қазақстан Республикасының Инвестициялар
жөніндегі мемлекеттік комитеті
Жобаларды бағалау және келіссөздер
жүргізу дирекциясының директоры

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.05.27. N 488
қаулысымен.

P980488_

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1999.02.15. N 121
қаулысымен.

P990121_

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі конкурстық комиссияның қызметі мен жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желілеріне қосылудың тең жағдайын қамтамасыз етсін.

6. Конкурстық комиссия:

Ұялық байланыс желілерін ұйымдастыру және пайдалану құқығына конкурстар өткізу туралы ережені әзірлесін және бекітсін;

GSM стандартты ұялық байланысының желілерін ұйымдастыру және пайдалану құқығына 1999 жылдың II жартыжылдығында, ал CDMA-ға IV тоқсанында конкурс жариялансын.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың 2-3-абзацтары жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1998.05.27. N 488 қаулысымен.

P980488_

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.02.15. N 121 қаулысымен.

P990121_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК